

**Қытай Халық Республикасының Қорғаныс министрлігі және
Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті
арасындағы шекаралық ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі қарай Тараптар деп аталатын Қытай Халық Республикасының Қорғаныс министрлігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті,

1993 жылғы 18 қазандағы Қытай Халық Республикасы және Қазақстан Республикасы арасындағы Достық өзара қарым-қатынастардың негіздері туралы бірлескен декларациясы және 1996 жылғы 26 сәуірдегі Қытай Халық, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Республикасы Қазақстан Республикасы арасындағы шекара ауданындағы әскери саласындағы сенімді нығайту туралы Келісімде тіркелген принциптерге сүйене отырып,

қытай-қазақстан мемлекеттік шекарасында тұрақтылықты сақтау, өзара сенім және татулық рухын нығайту мақсатында, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Шекараны күзету саласындағы ынтымақтастық процесінде, қытай-қазақстан мемлекеттік шекарасын бейбітшілік, тыныштық және достық шекарасы болу үшін Тараптар күш салады.

2-бап

Тараптар ынтымақтастықты келесі бағыттар бойынша дамытатын болады:

1. Мемлекеттік шекарада және шекаралық аудандарда тәртіптің сақталуына әсерін тигізетін ақпараттармен алмасу;

2. Мемлекеттік шекарада құқыққа қарсы, қылмыстық іс-әрекеттердің жолын кесу;

3. Мемлекеттік шекарада болуы ықтимал қақтығыстар мен даулы жағдайларды болдырмау;

4. Шекарада террористік, содырлық, экстремистік ұйымдардың іс-әрекеттерін, қару-жарақты, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды, есірткілерді контрабандалық кіргізуге (шығаруға), сондай-ақ өзге де тыйым салынған заттардың және өзге іс-әрекеттердің жолын кесу;

5. Шекарадан заңсыз өтіп кеткен адамдарды, малдарды, сондай-ақ көлік құралдары мен бағалы заттарды іздестіруге және дер кезінде өткізіп беруге бірігіп әрекет ету;

6. Келесі Тарап мемлекетіне зиян келтіруі мүмкін табиғи апаттар, эпидемия, эпизоотия пайда болған жағдайларда уақытылы хабарлау;

7. Өз мемлекеттерінің шекараларын күзетуді ұйымдастыруда тәжірибе алмасу.

3-бап

Тараптар байланыстарды келесі нысандарда және тәртіпте белгілейді:

1. Қытай Халық Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті басшыларының немесе олардың уәкілетті өкілдерінің кездесулері мемлекеттер астанасы немесе басқа да келісілген орындарда кезегімен шекара ынтымақтастығындағы аса маңызды мәселелерді шешу үшін қажеттілігі туындағанда жүргізіледі. Тараптар байланысты дипломатиялық арналар арқылы жүзеге асырады.

2. Қытай Халық-азаттық армиясы Синьцзян әскери округінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Бас штабының басшылары немесе олардың өкілдері, мемлекеттік шекараны күзету және ондағы тәртіппен бекітілген ережені қолдауға тікелей қатысы бар мәселелерді, сонымен бірге шекаралық өкілдер ұсынған мәселелерді қарастыруда, Тараптар мемлекеттердің қажеттілігі бойынша шекаралық қалаларда немесе басқа келісілген орындарда жұмыс кездесулерін жүргізеді. Тараптардың байланыстары дипломатиялық арналар бойынша немесе шекаралық өкілдер арқылы жүзеге асырылады.

3. Тараптардың шекаралық өкілдері немесе олардың орынбасарлары, әдетте, кезекпен келісілген кездесу пункттерінде, өз қызметі участкелері мен берілген өкілеттік шеңберінде, нақты мәселелерді шешетін жоспарлы мәжілістерді өткізеді. Шекаралық өкілдерінің байланысы қызметтік хат-хабарды қабылдау-жіберу жолымен байланыс офицерлері арқылы жүзеге асырылады.

Тараптардың тиісті деңгейдегі басшыларының кездесулері немесе келіссөздерінің нәтижелері бойынша хаттама жасалынуы мүмкін.

4-бап

Бірінші Тарап делегациясы екінші Тарап мемлекетінің аумағында болуына байланысты шығындар, халықаралық көлік шығындарын қоспағанда, қабылдайтын Тарап есебінен жүргізілетін болады.

5-бап

Тараптар төлемсіз мынадай ақпараттармен алмасады:

1. Белгіленген тәртіпке әсерін тигізетін мемлекеттік шекарадағы және шекараға жататын аудандардағы қалыптасып жатқан жағдай туралы;

2. Мемлекеттік шекараны бұзу немесе оны тулғалардың, көлік құралдарының, ұшатын аппараттардың бұзу мүмкіндігі туралы;

3. Шекара бұзушылардың іс-қимылы, әрекеттері мен олар қолданатын қулықтарының тәсілдері мен әдістері туралы;

4. Шектес аумақта жасырынған немесе жасырынуға ойлары болған шекара бұзушылар мен қылмыскерлер туралы;

5. Шекарада және шекараға жататын аудандарда террористер, содырлардың, экстремистер іс-әрекеттері, сондай-ақ шекара арқылы өту кезінде айқындалған контрабандалық қару-жарақ және есірткілер туралы;

6. Мемлекеттік шекарадағы және шекара жанындағы аудандарда болатын ірі ауқымды шаралар түрлері, олардың өткізілу уақыты туралы;

7. Шекара мәселелеріне қатысты нормативтік құқықтық актілер туралы;

8. Тараптар алмасуға қажетті деп есептейтін басқа да ақпараттар туралы.

Бір Тараптан екінші Тарапқа берілген ақпараттар мен құжаттар жарияланылмайды немесе үшінші тарапқа, оларды жіберген Тараптың жазбаша түрдегі келісімісіз берілмейді.

6-бап

Тараптар өзара кеңесе отырып және келісілген шаралар арқылы болуы мүмкін шекаралық қақтығыстарды шешеді және мемлекеттік шекарада тыныштық пен тұрақтылықты қолдайды.

Тараптар шекарашылардың өміріне қауіп төніп тұрмаған жағдайда шекара бұзушыларға қарсы имандылыққа жатпайтын шаралар мен дәрекілік көрсетпейді және оларға қарсы қару қолданбайды.

Тараптар шекара маңында атыспайды және оқтың келесі Тарап аумағына түсуіне жол бермейді.

Мемлекеттік шекара бұзушыларға қатысты, шекарашылар қару қолданар алдында, оны қолданатыны туралы анық ескертеді және ескерту оғын атады.

7-бап

Тараптар шекаралық ынтымақтастық мәселелерін дер кезінде шешу үшін тиісті шекара өкілеттік пункттері арасында тікелей телефон байланысын қоя алады. Бұндай байланыстың нақты қойылу тәртібі тиісті учаскелерінде шекара өкілдерімен белгіленеді.

8-бап

Мемлекеттік және ведомстволық мейрамдар қарсаңында, Тараптар шекара бөлімшелеріне баратын мәдени және спорттық делегацияларымен алмасуын ұйымдастыра алады.

Нақты шаралар және оларды өткізу мерзімі шекаралық өкілдері арқылы келісіледі.

9-бап

Осы Келісім Тараптардың өзара іс-қимылдары туралы олардың нақты бағыттары бойынша хаттамалармен толықтырылуы мүмкін. Хаттамалар егер өзгелер онда айтылмаған болса, осы Келісімнің 12 бабында белгіленген тәртіпке сәйкес, күшіне енеді және өз қызметін тоқтатады.

10-бап

Осы Келісім Тараптардың, олар қатысушылар болып табылатын басқа халықаралық келісім-шарттардан пайда болатын құқықтары мен міндеттерін қозғай алмайды.

11-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге осы Келісімнің құрамдас бір бөлігі болатын, жеке хаттамамен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Осы Келісімге түсінік беру мен оны қолдануға қатысты даулар туындаған жағдайда, Тараптар оларды өзара кеңесу мен келіссөздер жүргізу арқылы шешетін болады.


12-бап

Осы Келісім оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 5 жыл бойы күшінде болады. Егер Тараптардың ешқайсысы,

тиісті мерзімнің өтуіне алты ай қалғанға дейін осы Келісімнен шығуы туралы жазбаша түрде хабарлап, күшін жою туралы өзінің тілегін жазбаша мәлімдемесе, осы Келісім келесі 5 жылдық кезеңге өздігінен ұзартылатын болады және осы әдіспен ұзартыла береді.

«17» _____ 2002 жылы Пекин қаласында әрқайсысы қытай, қазақ және орыс тілдерінде екі данадан жасалды, сондай-ақ үш мәтіндердің күші бірдей.

**Қытай Халық Республикасының
Қорғаныс министрлігі үшін**



**Қазақстан Республикасының
Ұлттық қауіпсіздік комитеті үшін**

